

Тұтыну есебін және электрмен, жылумен, сумен жабдықтау және басқа да коммуналдық қызметтер төлемдерін реттеу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімиятының 2002 жылғы 12 тамыздағы N 3-1-1510қ қаулысы. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 19 тамызда тіркелді. Тіркеу N 220. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 548 қаулысын орындау, коммуналдық-қызмет көрсету саласындағы шарттық қатынастарды құқықтық негізде реттеу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жетілдіру, тұрғындардың коммуналдық қызметтерді пайдалануын және оған ақы төлеуін есепке алуды реттеу мақсатында, баға және тариф саясатының тиімді тетігін қалыптастыру, халықты әлеуметтік қорғау қажеттілігін ескере отырып, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астанаэнергосервис" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Астанаэнергосервис" ААҚ), "Нысана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - "Нысана" ЖШС), шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тұрмыс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - "Тұрмыс" МКК) және балансында жылу энергиясы көздері бар басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Астана Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - "Астана Су Арнасы") басшылары **ұ с ы н ы л с ы н :**

энергия тасымалдаушыларға берілетін жылу энергиясы көздерінің параметрлерінің сақталуын бақылау үшін сырттағы ауа температурасына байланысты, тәуелсіз сараптау ұйымының қорытындысын ескере отырып, жылу жіберу тәртібін сапалы түрде реттеудің температуралық кестесін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі Энергетиканы мемлекеттік қадағалау комитетінің Солтүстік аймақтық бөлімінде **б е к і т с і н ;**

тұрғын үйлерде орнатылған судың шығынын есептегіш және жылу есептегіш

жалпы үйлік аспаптарды техникалық баланса қабылдасын;
нақты тұтынған суға, электр мен жылу энергиясына төленетін төлемақыны есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша алсын;
есептеу аспаптары болмаған немесе уақытша жұмыс істемеген жағдайда төленетін төлемақы мөлшері:

есептеу айындағы сыртқы ауаның нақты температурасына түзетілген осы қаулының Қосымшасына сәйкес Астана қаласының тұрғын қорын жылытуға арналған тұтыну нормасынан жылу энергиясы бойынша, 2.04.01-85 (ғимараттың ішкі су құбыры және кәріз), 2.04.02-84 құрылыс нормалары мен ережелеріне (бұдан әрі - ҚНМЕ) сәйкес қабылданған нормалардан су бойынша;

электр энергиясы бойынша бір айдың ішінде алдыңғы есептеу кезеңінде электр энергиясын орташа тәуліктік тұтыну көрсеткіші бойынша, ал айлық мерзімнен асса - тоқ қабылдағыштың белгіленген қуаты мен оларды пайдалану сағатының саны бойынша анықталсын. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы әкімінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 3-1-2059қ қаулысымен.

2. Әрбір тұрғынға тәулігіне ыстық сумен жабдықтау (жылу тасымалдаушы 55 градустық температурада болғанда) және суық сумен жабдықтау бойынша (көшедегі су тартатын шүмек суын пайдаланғанда) суды пайдалану нормасы, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Энергия ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем заңнамаларда белгіленген тәртіпте, Астана қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі департамент бекіткен тариф бойынша жүргізіледі.

4. "Нысана" ЖШС, "Тұрмыс" МКК және коммуналдық қазандықтарды қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен ұйымдар жылу беру маусымына әзірлік кезеңінде есептеу аспаптарын орнату жөнінде ұйымдастыру-техникалық шаралар жүргізуді, коммерциялық есепке алынбаған ғимараттардың "Госэнергоэкспертиза" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Госэнергоэкспертиза" РМК) келісілген жылу-техникалық сипаттамасын қолданып, тұрғындармен шарт жасасуды қарастырсын.

5. "АСТАНА-ПЛЮС" орын-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативтерінің қалалық қауымдастығы, "Бірлік-Единство" ПИК қауымдастығы және "Парасат" ПИК аудандық қауымдастығы энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындармен бірлесіп:

тұрғын үй қорын есептеу аспаптарымен жабдықтап, олардың құнына ақы төлеуге жеке шарттар ресімдеуге қатыссын;

2002 жылдың 1 қыркүйегіне дейін есептеу аспаптарымен жарактандырылмаған ұқсас үлгідегі тұрғын үйлердің нақты тұтынған жылу

энергиясына және суға төленетін төлемақы көрсеткіші бойынша ұсынылатын жылу есептегіш және су шығынын есептегіш жалпыұйлік аспаптармен жабдықталған тұрғын үйлерді анықтасын.

6. Тұрғын үй қорына қызмет көрсететін пәтер иелері кооперативтері мен тұтыну кооперативтерінің тапсырылған режимі және жылуды тұтыну жүйесінің ішкі реттілігін сақтауын бақылау балансында жылу энергиясы көздері бар кәсіпорындарға жүктелсін.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық коммуналдық шаруашылық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі - "Қалалық коммуналдық шаруашылық" МКК), "Спецавтотранспорт-Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Спецавтотранспорт-Сарыарқа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және қатты-тұрмыстық қоқыстарды жинауды, шығаруды және көмуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер, қала бойынша қатты-тұрмыстық қоқыстардың жинақталуының қалыптасқан есептік айырмасын ескере отырып, Астана қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі департаментпен келісілген бір адамға жылына 1,1 текшеметр көлеміндегі тариф бойынша тұрғындардан төлемақы алсын.

8. Күші жойылды деп танылсын:

Астана қаласы әкімінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 3-1-309ө "Тұрғындардың жылумен жабдықтау қызметтері мен басқа да коммуналдық қызметтерін тұтыну есебін және ақы төлеуін реттеу туралы" өкімі;

Астана қаласы әкімиятының 2002 жылғы 15 ақпандағы N 3-1-225қ "Астана қаласы әкімінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 3-1-309ө "Тұрғындардың жылумен жабдықтау қызметтері мен басқа да коммуналдық қызметтерін тұтыну есебін және ақы төлеуін реттеу туралы" өкіміне өзгерістер енгізу туралы" қаулысы.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Есіловке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Визалар:

КЕЛІСІЛДІ

Алматы ауданының әкімі

Сарыарқа ауданының әкімі

*Астана қаласы Коммуналдық
шаруашылық департаментінің*

директоры

*Қазақстан Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу, бәсекелестікті
қорғау және шағын бизнесті дамыту*

жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Энергетиканы мемлекеттік қадағалау комитеті Солтүстік аймақтық бөлімінің

бастығы

"Госэнергоэкспертиза" РМК

өкілдігінің директоры

"Астанаэнергосервис" ААҚ

Басқарма төрағасы

"Астана Су Арнасы" МКК

Бас директоры

"Тұрмыс" МКК директоры

"Нысана" ЖШС директоры

"АСТАНА ПЛЮС" орын-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативтері қалалық қауымдастығының

президенті

"Бірлік-Единство" ПИК

қауымдастығының президенті

"Парасат" ПИК аудандық

қауымдастығының төрағасы

Астана қаласы әкімдігінің

2002 жылғы 12 тамыздағы

№ 3-1-1510 қ қаулысына

қосымша <*>

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімінің 2003 жылғы 15 қазандағы № 3-1-2059 қ қаулысымен.

Астана қаласы тұрғын үй қорын жылытуға арналған жылу энергиясы шығынының НОРМАСЫ

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Айлар			
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір

$$T_{н.в.} = -16,8 \text{ } ^\circ \text{C} \quad T_{н.в.} = -16,5 \text{ } ^\circ \text{C} \quad T_{н.в.} = -10,1 \text{ } ^\circ \text{C} \quad T_{н.в.} = +3 \text{ } ^\circ \text{C}$$

Тұрған үй	1 кал/м ²	0,0464	0,0429	0,0378	0,0205
қ о р ы н ы ң					
т ұ р ғ ы н			ж ә н е		
к ө м е к ш і					
о р ы н - ж а й .					
л а р ы н а					
а р н а л ғ а н					
н о р м а					

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жылыту
= $T_{н.в.}$	= $T_{н.в.}$	= $T_{н.в.}$	= маусымына
+2,6 $^\circ$ C	-7,0 $^\circ$ C	-14,0 $^\circ$ C	орташа
			$T_{н.в.} = -8,1 \text{ } ^\circ \text{C}$

0,0217 0,0329 0,0428 0,0350 -----

Жылытуға арналған жылу энергиясы шығындарының нормасы МСН2.04-01-98 "Құрылыс климатологиясы бойынша" сыртқы ауа температурасын түзетумен бірге айлар бойынша есептелген.

Сәуір және қазан айларында жылытуға арналған жылу энергиясының нормасы жылыту жүйесі жұмысының нақты сағатына түзетіледі.

*Астана қаласы Әкімі аппараты энергетикалық
кешен және коммуналдық шаруашылық бөлімінің
менгерушісі*